

Аудандық мәслихаттың 2017 жылғы 28 желтоқсандағы № 183 "2018–2020 жылдарға арналған Темір қаласы бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Темір аудандық мәслихатының 2018 жылғы 17 сәуірдегі № 217 шешімі. Ақтөбе облысы Әділет департаментінің Темір аудандық Әділет басқармасында 2018 жылғы 2 мамырдағы № 3-10-193 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі" Кодексінің 9–1 бабының 2 тармағына, 109-1 бабының 4 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару туралы" Заңының 6 бабының 2–7 тармағына сәйкес Темір аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Темір аудандық мәслихатының 2017 жылғы 28 желтоқсандағы № 183 "2018 – 2020 жылдарға арналған Темір қаласы бюджетін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5856 тіркелген, 2018 жылғы 22 қаңтарда "Темір" газетінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1 тармақта:

1) тармақшада:

кірістер – "54 197" сандары "57 093" сандарымен ауыстырылсын; трансферттер түсімдері – "48 275" сандары "51 171" сандарымен ауыстырылсын;

2) тармақшада:

шығындар – "54 197" сандары "57 093" сандарымен ауыстырылсын;

5 тармақта:

"0" саны "2 896" сандарымен ауыстырылсын.

2. Көрсетілген шешімдегі 1–қосымша осы шешімдегі қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Темір аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Темір аудандық Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне ресми жариялауға жіберуді;

3) осы шешімді Темір аудандық мәслихатының интернет – ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың
2018 жылғы 17 сәуірдегі
№ 217 шешіміне қосымша
Аудандық мәслихаттың
2017 жылғы 28 желтоқсандағы
№ 183 шешіміне 1 – қосымша

2018 жылға арналған Темір қаласы бюджеті

Санаты			Сомасы (мың теңге)
Сыныбы			
Ішкі сыныбы			
		Атауы	
		I. Кірістер	57093
1		Салықтық түсімдер	5670
1	01	Табыс салығы	2240
1	01	2 Жеке табыс салығы	2240
1	04	Меншікке салынатын салықтар	3430
1	04	1 Мүлікке салынатын салықтар	110
1	04	3 Жер салығы	320
1	044	4 Көлік құралдарына салынатын салық	3000
2		Салықтық емес түсімдер	252
	01	7 Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	252
		5 Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	252
4		Трансферттердің түсімдері	51171
4	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	51171
4	02	3 Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	51171

Функционалдық тобы			Сомасы (мың теңге)
Кіші функционалдық тобы			
ББ әкімшісі			
Бағдарлама			
		Атауы	
		II. Шығындар	57093
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	18980
	1	Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	18980
		124 Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	18980
		001 Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	18181
		022 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	799
04		Білім беру	32596

1		Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	32596
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	32596
	004	Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту және мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту ұйымдарында медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру	32596
06		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	1032
2		Әлеуметтік көмек	1032
	124	Аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	1032
	003	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	1032
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	4485
3		Елді мекендерді көркейту	4485
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	4485
	008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	2615
	009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	1160
	011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	710
		III. Таза бюджеттік кредиттеу	0
		Бюджеттік кредиттер	0
5		Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
	01	Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
	1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	0
		IV. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо	0
		V. Бюджет тапшылығы	0
		VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру	0